

зиян екенін айта тұрып, қоймастан темекі шегуге болады. Мұндай мысалдар еліктеу және өмірде белсенді қолдану модель.

Баланың өмірінен қосымша заттарды алып тастау қажет: ақшаның көптігін, көп тәттіні, табакты, алкогольді ретсіз пайдалану.

Отбасы заңы 9. Баланың адамгершілігі мол адамдармен қарым-қатынасының жағдайын жасау.

Бала адамгершілігі мол болып өсуі үшін, оны мораль, адамгершілік деген қасиеті жоқ адамдардан мүмкіндігінше аулақ ұстау керек. Имитация инстинктіні баланы қоршаған адамдардың әрекеттерімен қылықтарын қайталауға мәжбүрлейді.

Жасқа қарай баланың өзінің моральды көзқарастары қалыптасады да, ол қоршаған адамдардың қылықтары мен әрекеттерін бағалай алады. Сондықтан баланы жақсы көрсететін ересектер оған жақсылық тілейді, оған моральсіз қылықтардың үлгісін көрсетпеу үшін оның әрбір қадамын бақылаулары керек.

Отбасы заңы 10. Ата-аналар өздерінің қарым-қатынастарының сұлулығын көрсету керек.

Ата-аналардың отбасы қарым-қатынасына көңіл бөлулері керек. Осыған байланысты ата-аналар баланы физикалық тұрғыдан көп еркелететін өте сезімтал мешендік махаббаттан қорғанулары керек: балалардың алдарына өздерінің өзара махаббаттары көрінісін қадағалаулары керек; ересектер бір-бірін жақсы көретінін көрсете алатын моральды дәстүрлер мен әдеттерді қалыптастыруы тиіс.

Резюме

В данной статье раскрываются некоторые характеристики и законы семейного воспитания, а также формы сотрудничества школы и семьи.

Conclusion

The article deals with some characteristics and principles of family education, forms of school and family collaboration.

ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫ: МІНДЕТІ МЕН МАҚСАТЫ

Шаукенов Ж.А.

Биылғы жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстан Республикасы ең ірі халықаралық ұйымдардың бірі – Ислам Конференциясы Ұйымына (ИКҰ) төрағалық жұмысын атқарып келеді. Жыл өткен сайын Ұйымға қатысушы елдердің қатары көбейе түсуде. Бүгінде оған Азия, Африка, Еуропа және Латын Америкасындағы елу жеті мемлекет мүше. Ұйымның жиындарына бес мемлекет және бес халықаралық ұйым байқаушы ретінде тұрақты қатысып келеді. Сондай-ақ, ИКҰ Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі ірі халықаралық саяси ұйым болып табылады.

Өзге де халықаралық ұйымдар сияқты Ислам Конференциясы Ұйымының ең жоғары органы Ұйымға мүше мемлекеттердің корольдері мен мемлекеттер басшылары және үкіметтер басшыларының қатысуымен өтетін жоғары деңгейдегі Ислам (ИКҰ) саммиті болып табылады. Саммитте Ұйымның Жарғысына сәйкес күн тәртібіне қойылған мәселелер талқыланып, соған байланысты саяси шешімдер қабылданады. Сонымен қатар, қатысушы елдердің және Умmanın (барлық мұсылман қауымы) мүддесін көздейтін басқа да өзекті мәселелерін қарастырады. Саммит әр үш жыл-

да мүше мемлекеттердің бірінде шақырылады. Оған қажетті барлық ішараларды және күн тәртібін дайындауды Ұйымның Бас хатшылығының көмегімен Сыртқы істер министрлерінің кеңесі жүзеге асырады.

Ал Ұйымның төтенше сессиясын Умма талап еткен жағдайда, дәлірек айтқанда, Умма мүддесі үшін өмірлік ерекше маңызы бар мәселелерді қабылдау қажет болса және Ұйымның саясатын үйлестіру мәселелері туындаса, кез-келген уақытта шақыруға болады. Бұдан бөлек төтенше сессия Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынысымен немесе Бас хатшының, сондай-ақ Ұйымға мүше мемлекеттердің көпшілігі қолдау көрсетуі қажет.

Ұйымға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері Кеңесінің қызмет ауқымы да кең. Кеңес негізінен бірқатар бағыттар бойынша Ұйымның жалпы саясатының әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру жұмыстарымен айналысады. Мысалы, Ұйымның саясаты мен мақсаттарының орындалуына ықпал ететін шешімдер мен қаулыларды қабылдау мәселелерін, Ислам саммиттері мен Сыртқы істер министрлері кеңестерінде қабылданған құжаттардың жүзеге асырылу барысын қарастыра-

ды. Сонымен бірге, Бас хатшылық пен субсидиарлық органдардың бағдарламалары мен бюджетін, басқа да қаржылық және әкімшілік есептерін бекітеді. Кеңес сондай-ақ Ұйымның жаңа органын немесе комитетін бекіту жөнінде ұсыным бере алады.

Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі Уммаға қатысты ерекше маңызды мәселелерді шешу мақсатында секторалдық министрлік кездесуін шақыруға ұсыныммен шығуы да мүмкін. Егер осындай кездесулер өткен жағдайда, оның қорытындысы туралы есеп Ислам саммиті мен Сыртқы істер министрлерінің Кеңесіне ұсынылуы тиіс. Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі және Ұйым Жарғысының 17 және 19-баптарына сәйкес белгіленген тәртіппен Бас хатшыны сайлайды және Бас хатшының орынбасарын тағайындайды. Ал Кеңес жылына бір рет тұрақты өтіп тұрады.

Қазіргі кезде Ислам Конференциясы Ұйымының төрт тұрақты комитеті – Әл-Кудс комитеті, Ақпарат және мәдениет істері жөніндегі комитет және Ғылыми–техникалық ынтымақтастық жөніндегі комитет жұмыс істейді. Бұл тұрақты комитеттерді Ұйымға қатысушы елдердің корольдері немесе мемлекеттер басшылары басқарады. Комитеттер Сыртқы істер министрлері Кеңесінің ұсынымы бойынша Ұйым саммитінің шешіміне сәйкес құрылған.

ИКҰ құрылымында, сондай-ақ Атқарушы комитет, Тұрақты өкілдер комитеті, Халықаралық ислам соты және Адам құқығы жөніндегі тәуелсіз тұрақты комиссиясы да қызмет етеді. Атқарушы комитетінің төралқасын Ұйымның қазіргі кездегі, оның алдындағы және алдағы уақыттағы елдер құрайды. Комитеттің штаб-пәтері Жидда қаласында орналасқан. Адам құқығы жөніндегі тәуелсіз тұрақты комиссияның міндеті – Ұйымның шарттары мен Декларацияларында көрініс тапқан азаматтардың саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтарының қорғалуына ықпал ету. Бұлар ислам құндылықтарына қажет. Ал Халықаралық ислам соты Ұйымның басты заңдық органы болып табылады. Ол 1987 жылы Кувейтте құрылған.

Ислам Конференциясы Ұйымының аса ірі, қызмет ауқымы жан-жақты құрылымдарының бірі – Ұйымның Бас хатшылығы. Бұл құрылым Ұйымның кеңесіне, сондай-ақ штаттағы қызметкерлерге басшылық ететін Бас хатшыдан тұрады. Ол мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің Кеңесінде бес жыл мер-

зімге сайланады. Оның қосымша тағы бір мерзімге ғана сайлануға мүмкіндігі бар. Бас хатшының кандидатурасын таңдау кезінде оның саяси беделі, адалдығы, жұмыс тәжірибесі, басқа да қасиеттері ескеріледі. Ұйымның қазіргі Бас хатшысы мысырлық Әкмеледдин Ихсаноглу. Ол Бас хатшылыққа 2005 жылдың 1 қаңтарында сайланған, ал ИКҰ-ның 2008 жылы өткен саммитінде екінші мерзімге қайта сайланды.

Бас хатшының қызметі мен міндетіне Ислам саммиті мен Сыртқы істер министрлері Кеңесінде және министрлік отырыстарында қабылданған шешімдердің, қарарлардың, ұсынымдардың жүзеге асырылуына бақылау жасау, қатысушы мемлекеттерді қажетті жұмыс құжаттарымен қамтамасыз ету, Ұйым органдарының жұмысын үйлестіру, Бас хатшылықтың бюджеті мен бағдарламаларын әзірлеу, мүше мемлекеттердің консультациялар және пікірлер алмасуларына ықпал ету, Сыртқы істер министрлерінің Кеңесіне Ұйымның жұмысы туралы жыл сайынғы есепті дайындау, тағы басқа да мәселелер жатады.

Бас хатшы басқаратын хатшылық, сондай-ақ жиындар мен отырыстарды қабылдаушы тараптармен тығыз ынтымақтастыққа Ислам саммиті мен Сыртқы істер министрлері Кеңесінің отырыстарын да дайындайды. Осы тұста айта кетейік, Бас хатшы мен оның орынбасары, хатшылық құрамындағы қызметкерлер қандай да бір мемлекетке бүйрегі бұрмауы тиіс. Бас хатшылықтың штаб-пәтері қазірше Сауд Арабиясының Жидда қаласында орналасқан.

Ал Ұйымның Бас хатшылығы мен субсидиарлық органдарының бюджеті қалай құралады? Бұл құрылымдар Ұйымға қатысушы елдердің мемлекеттік табыстарына байланысты пропорционалдық негізде қаржыландырылады. Сонымен қатар, Ұйым Ислам саммитінің немесе Сыртқы істер министрлері кеңесінің келісімімен арнайы қор құрып, жарна көлемін белгілеуі де мүмкін. Бірақ жарна ұйымдар мен жеке тұлғалардан ерікті түрде қабылдануы керек. Түскен қаржы бақылауда болады және оны Ұйымның қаржылық қадағалау органдары жыл сайын тексеріп отырады. Ұйым аясында Ислам ниеттестік қоры да жұмыс істейді. Қорға әр жылдары бірқатар елдер қомақты қаржы құйған да екен. Мысалы, Сауд Арабиясы Корольдігі – бір миллиард, Иран, Алжир және Катар елдерінің әрқайсысы жүз миллион доллардан қаржы аударыпты.

Ұйымға мүше мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып табылғандық-

тан, олардың барлығы БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына мойынсұнуы керек. Сондай-ақ әр ел Ұйымға тәуелсіз және тең құқықты негізде қатысады. Қатысушы мемлекеттердің барлығы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге және күш қолданудан қалыс қалуы тиіс. Сонымен бірге, Ұйымға мүше елдер бір-бірінің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қол сұқпауы, ішкі ісіне араласпауы қажет.

ИКҰ-ға қатысушы мемлекеттер арасында Ислам Уммасының мүддесіне қауіп төндіретін немесе халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге нұқсан келтіретін жағдайлар да болып қалуы мүмкін. Мұндай кезде Ұйым кез-келген мәселені ізгі ниетті араағайындық таныта отырып, келіссөздер жүргізу арқылы бейбіт жолмен реттеуді мақсат тұтады. Ұйым халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау, сондай-ақ даулы мәселелерді бейбіт түрде шешу мақсатында өзге де халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Ал ИКҰ-ның тиісті шешімдер қабылдау тәртібіне келсек, шешім негізінен консенсустық жағдайда қабылданады. Егер консенсусқа қол жеткізілмесе, шешім дауыс беруге құқығы бар қатысушылардың басым көпшілігінің, яғни үштен екісінің дауыс беруімен қабылданады. ИКҰ-ның ЕҚЫҰ-дан ерекшелігінің бірі осы. Бұдан бөлек Ұйымның Жарғысында қатысушы мемлекеттер өздерінің тиісті ақшалай жарнасын екі жыл бойы төлемесе, олар Сыртқы істер министрлерінің Кеңестерінде дауыс беру құқығынан айырылатындығы көрсетілген. Бірақ, сол мемлекет жарнаның уақтылы төленбеу себептерін дәлелдеп, оны толық төлеу жөнінде келісім берсе, Ұйым ол мемлекеттің дауыс беруге қатысуына рұқсат етуі мүмкін.

Ұйымға қандай елдер толық құқықты мүше бола алады деген мәселеге келсек, біріншіден, ол мемлекет БҰҰ-ға мүше болуы қажет. Екіншіден, ел тұрғындарының көпшілігін мұсылмандар құрауы тиіс. Мүше болуға ниет танытқан мемлекет өтінішті Сыртқы істер министрлері Кеңесінің кезекті отырысына кем дегенде тоқсан күн қалғанға дейін береді. Шешім тек консенсустық жағдайда ғана қабылданады. Ал Ислам Конференциясы Ұйымының жұмыс тілі араб, ағылшын, француз тілдері болып табылады.

2011 ж. 28-30 маусым аралығында Астана қаласында Тәуелсіздік сарайында Ислам Конференциясы Ұйымының Сыртқы істер ми-

нистрлері 38-ші сессиясы өтті. Оған 1,6 млрд. халқы бар Азия, Африка, Еуропа және Оңтүстік Америкадағы мұсылман мемлекеттерінің 56 елінен 1200-ге жуық делегат, бақылаушы жеті елден, әлемдік беделге ие басқа да халықаралық ұйымдардан өкілдер қатысты. Сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев құттықтау сөз сөйледі. Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен Ислам Конференциясы Ұйымы өз атауын Ислам Ынтымақтастық Ұйымына өзгертті.

Осылайша Қазақстанның ұйымның төрағасы ретінде ИКҰ атау мен белгісін өзгерту туралы ұсынысы қабылданды. Бұл әрекет арқылы ислам әлемі өзгерістер мен бейімделуге, жаңару мен жаңғыруға дайын екендігін көрсетті. Астанада мақсатты, ашық талқылаулар арқылы ұйымның тұжырымдамаларын жаңартуға мүмкіндік туды. Олар ИЫҰ Жарғысында көрініс тауып, келешектегі қаралатын мәселелер анықталды. Төрағалық кезеңде Қазақстан Палестинаның 1967 жылғы дейінгі шекарасын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ ИЫҰ-ның басқа халықаралық ұйымдармен әріптестігін кеңейту бойынша қызметтесуді жоспарлап отыр. Солтүстік Африка бейбіт процесті алға жылжытып, ядролық қаруды таратпау және қарусыздану мәселесі бойынша жұмыс істемек ниетте.

Биыл еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеп жатқан Қазақстан үшін Ислам Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етудің тарихи маңызы өте зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ислам Конференциясы Ұйымының ресми Интернет-сайты: www.oic-oci.org.

2 Әлисұлтан Құлманбай / Егемен Қазақстан». 16 наурыз 2011 жыл.

3 Түгелбай В. //Егемен Қазақстан». 1 шілде 2011 жыл.

Резюме

В данной статье автор рассматривает объективные причины создания Организации Исламская Конференция, о роли и месте ОИК в международных организациях, а также о роли Казахстана в Организации Исламская Конференция.

Conclusion

The article reviews the objective reasons of forming the Organization of the Islamic Conference, the role and place of it in the international organizations and the role of Kazakhstan in Organizations Islamic Conference.